«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы
медицина колледжі

ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚҚА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ

Мамандық: 009130100 «Мейіргер ісі»
Біліктілігі:5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры»
Оқу түрі: күндізгі
Оқытудың нормативтік мерзімі: 3 жыл 6 ай
Циклдар мен пәндер индексі АП 24
Курс: 3
Семестр: 6
Пән: «Курстық жұмысты орындау»
Бақылау түрі: Емтихан/КЖ қорғау
Жалпы еңбек сыйымдылығы сағат/кредиттер KZ: 72/3

Шымкент, 2025 ж.

Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқаулық «Курстық жұмысты орындау» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы негізінде құрастырылып, кафедра мәжілісінде бекітілді.

Хаттама № 1 «07» 08 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі _____Серикова Б.Д.

1 – сабақ

1. Тақырып: Кіріспе. Зерттеу жүргізу процесі туралы жалпы мәлімет.
2. Мақсаты: Студенттерге ғылыми зерттеу жүргізудің кезеңдерін, негізгі ұғымдарын және әдіснамалық негіздерін меңгерту, зерттеу мәселесін анықтау, ақпарат жинау және талдау дағдыларын қалыптастыру арқылы дәлелді мейіргерлік практикаға негізделген шешімдер қабылдауға үйрету.
3. Студент білуі тиіс:
- Зерттеу процесінің кезеңдерін;
- Ғылыми зерттеу әдістері мен тәсілдерін;
- Зерттеушілік этика мен қағидаларын;
- Әдебиетті шолу мен деректерді жинау тәсілдерін;
- Зерттеу нәтижелерін интерпретациялау;
- Зерттеу нәтижелері бойынша қорытынды шығару және практикаға немесе теорияға ұсыныстар жасау әдістерін түсінуі тиіс.

Студент істей білуі тиіс:
- Нақты зерттеу сұрағын немесе гипотезасын анықтап, оған сәйкес зерттеу мақсатын қоюды білуі керек.
- Ғылыми мақалалар, кітаптар және басқа да ақпараттық ресурстарды зерттеп, оларды жүйелеу және талдау жүргізуді білуі тиіс.
- Зерттеу әдісін нақты зерттеу мақсатына сәйкес дұрыс таңдай білуі керек (сұхбат, сауалнама, эксперимент және т.б.).
- Деректер жинау үшін сауалнама жүргізу, интервью алу, тәжірибе жасау немесе статистикалық деректер жинау сияқты әдістерді қолдануды білуі қажет.
- Жиналған деректерді талдап, оларды статистикалық немесе сапалық талдау әдістерін қолдана отырып өңдеуді білуі тиіс.
- Нәтижелерді жүйелеп, зерттеу сұрағына жауап беретін нақты қорытындылар жасауға қабілетті болуы керек.
- Ғылыми зерттеу нәтижелерін дұрыс жазу (құрылымы мен форматтау, әдебиетке сілтеме жасау) және ғылыми жұмыс стилін сақтау дағдыларын меңгеруі керек.
- Зерттеу нәтижелерін қорғауға дайын болу керек. Бұл зерттеу жұмысының мазмұнын түсінікті әрі логикалық түрде ұсынуды және ғылыми қоғамдастық алдында қорғауды білдіреді.

4. Негізгі сұрақтар:
1. Зерттеу жүргізудің қандай негізгі кезеңдерін білесіз? Әр кезеңнің мақсаты мен міндеттерін сипаттаңыз.
2. Зерттеу тақырыбын таңдау кезінде қандай факторлар ескеріледі?
3. Зерттеу мәселесін тұжырымдау дегеніміз не? Оны қалай анықтауға болады?
4. Әдебиетке шолу жасау не үшін маңызды? Бұл кезеңді қалай жүзеге асыруға болады?
5. Зерттеу әдісін таңдау кезінде қандай критерийлерді ескеру қажет?
6. Деректерді жинау әдістерінің қандай түрлері бар? Әрбір әдістің ерекшеліктері мен артықшылықтарын атап өтіңіз.
7. Зерттеу нәтижелерін талдау дегеніміз не? Оны қалай жүзеге асыруға болады?
8. Зерттеу нәтижелері бойынша қорытынды шығару кезінде қандай әдістерді қолдану қажет?
9. Зерттеу жұмысының қорытынды бөлімі қандай мазмұнды қамтиды?

5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):

1.Тақырып бойынша сұрақтарды колдана отырып отырып, тақырыпты талдау.
2.Кіші топтармен жұмыс істеу .
3.ТСО-дан қолдану (ПК, мултимедиалық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау.
4.Ситуациялық есептерді шешу.
5.Тақырып бойынша тестерді шешу.
6.Әдебиеттер:соңғы бетті қараңыз.
7.Оқыту және оқыту әдістері:
- Дәріс: шолу
- Презентация, реферат, тест, глоссарий.

8. Бақылау (тесттер, есептер және басқалар)
Тесттер:
1. Зерттеу жүргізудің бірінші кезеңі қандай?
a) Әдебиетке шолу жасау
b) Зерттеу тақырыбын таңдау
c) Деректер жинау
d) Зерттеу нәтижелерін талдау
e) Қорытынды жасау
2. Зерттеу тақырыбын таңдаудағы басты талап қандай?
a) Тақырыптың жеке пікірге негізделуі
b) Тақырыптың тек теориялық маңызы болуы
c) Тақырыптың актуалдығы және зерттеу мақсаттарына сәйкес болуы
d) Тақырыптың толық зерттелген болуы
e) Тақырыптың тек практикалық маңызы болуы
3. Әдебиетке шолу жасау зерттеу процесінің қай кезеңіне жатады?
a) Деректер жинау
b) Зерттеу әдісін таңдау
c) Мәселені тұжырымдау
d) Теориялық негіз құру
e) Қорытынды жасау
4. Зерттеу әдісін таңдаудағы негізгі фактор қандай?
a) Әдіс таңдау тек зерттеу тақырыбына байланысты
b) Әдіс таңдау зерттеушінің ыңғайына қарай жүзеге асырылады
c) Зерттеу мақсаты мен сұрағына сәйкес әдіс таңдалады
d) Тек статистикалық әдіс қолдану керек
e) Әдіс таңдау тек тәжірибелік зерттеу нәтижелеріне негізделеді
5. Зерттеу барысында деректерді жинаудың негізгі әдістері қандай?
a) Сауалнама, интервью, тәжірибе
b) Әдебиетке шолу, бақылау, талдау
c) Плагиат, тәжірибе, сауалнама
d) Логикалық талдау, бақылау, интервью
e) Моделдеу, эксперимент, сауалнама
6. Зерттеу нәтижелерін талдаудың қандай тәсілі дұрыс?
a) Нәтижелерді жүйелі түрде салыстырып, статистикалық әдістермен тексеру
b) Тек бір әдісті ғана қолдану
c) Зерттеушінің жеке пікірін қосу
d) Тек сандық деректерді талдау
e) Әдіс таңдауды тек тәжірибеге негіздеу
7. Зерттеу барысында ғылыми этикаға қатысты қандай талаптар бар?

a) Зерттеу барысында ғылыми деректерді манипуляция жасауға болады
b) Зерттеу барысында барлық деректер шынайы болуы қажет
c) Зерттеу нәтижелерін бұрмалау мүмкін
d) Этикалық нормаларды елемей зерттеу жүргізуге болады
e) Зерттеу жұмыстарында тек бір көзқарас қана қарастырылуы тиіс
8. Зерттеу жұмысының қорытынды бөлімінде не берілуі тиіс?
a) Нәтижелер мен ұсыныстар
b) Тек гипотеза
c) Жұмыстың әдіснамасы
d) Бастапқы деректер
e) Әдебиеттер тізімі
9. Зерттеу сұрағын тұжырымдаудағы басты талап қандай?
a) Сұрақ ашық және дәл болуы керек
b) Сұрақ бірнеше бағытты қамтуы тиіс
c) Сұрақ тек тәжірибелік мәселеге байланысты болуы керек
d) Сұрақ тек теориялық сипатта болуы керек
e) Сұрақ кең әрі көп жауапты болуы керек
10. Зерттеу жұмысының нәтижелерін қорғау барысында қандай талаптар қойылады?
a) Нәтижелерді тез және қысқаша ұсыну керек
b) Нәтижелерді қорғау үшін тек сандық деректер қажет
c) Зерттеуші тек өз пікірін негізге алуы тиіс
d) Нәтижелер ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, негізделуі тиіс
e) Нәтижелерді қорғау кезінде тек өз тарапынан ұсыныс беру керек

Жауап:
1. b
2. c
3. d
4.c
5. a
6. a
7. b
8. a
9. a
10. d

2 – сабақ

1. Тақырып: Тақырыпты таңдау, бекіту және оның өзектілігі.
2. Мақсаты: Студенттерге ғылыми зерттеу жұмысын бастау кезеңіндегі маңызды қадамдар — зерттеу тақырыбын дұрыс таңдау, оны бекіту тәртібі және тақырыптың өзектілігін негіздеу жолдарын үйрету. Сондай-ақ, таңдалған тақырыптың ғылыми, теориялық және практикалық құндылығын бағалауға баулу.
3. Студент білуі тиіс:
- Тақырып таңдау критерийлерін;
- Тақырыптың өзектілігін анықтауды;
- Зерттеу тақырыбы мен мақсаттарының сәйкестігін;
- Әдебиет шолуының маңызын;

- Жаңа мәселелер мен сұрақтарды анықтауды;
- Тақырыптың тым кең немесе тым тар болмауын, оның зерттеу аясын дұрыс шектеуді түсінуі тиіс.

Студент істей білуі тиіс:
- Ғылыми бағытта және зерттеу сұрағына сәйкес келетін тақырыпты таңдай алуы тиіс.
- Таңдаған тақырыптың маңыздылығын және оның қазіргі уақытта зерттелуі қажеттілігін дәлелдей білуі тиіс.
- Зерттеу жұмысының мақсаттары мен міндеттерін айқындай отырып, оларды нақты әрі түсінікті түрде тұжырымдай алуы керек.
- Ғылыми әдебиетті жүйелі түрде қарап, зерттеу тақырыбына қатысты қолжетімді деректерді іздеуді, оларды талдауды білуі тиіс.
- Тақырыпқа байланысты нақты және дұрыс зерттеу сұрағын қоюды меңгеруі тиіс.
- Зерттеу тақырыбының маңыздылығын және өзектілігін ғылыми ортада дәлелдей білуі қажет.

4.Негізгі сұрақтар:

1. Зерттеу жұмысының тақырыбын таңдау кезінде қандай негізгі критерийлерді ескеру қажет?
2. Тақырыптың өзектілігін қалай бағалауға болады? Зерттеу тақырыбының өзектілігін анықтаудың қандай әдістері бар?
3. Зерттеу жұмысының тақырыбын таңдау кезінде оның ғылыми жаңашылдығы мен практикалық маңызы қалай анықталады?
4. Тақырыптың тым кең немесе тым тар болмауы үшін қандай шаралар қабылдау керек?
5. Зерттеу жұмысының тақырыбын таңдаудағы басты қиындықтар қандай және оларды қалай шешуге болады?
6. Тақырыпты бекіту барысында зерттеу жұмысының мақсаттары мен міндеттері арасындағы байланыс қалай жүзеге асырылады?
7. Зерттеу жұмысының тақырыбы мен мақсаттары арасында сәйкестік болуы керек екенін қалай дәлелдеуге болады?
8. Зерттеу тақырыбының практикалық маңыздылығын қалай негіздеуге болады?
9. Зерттеу жұмысының тақырыбына қатысты әдебиетке шолу жасаудың маңызы неде? Әдебиетке шолу арқылы тақырыптың өзектілігі қалай дәлелденеді?
10. Зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша қойылған сұрақтардың дұрыс формулировкасы қандай болуы керек?

5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):

1. Тақырып бойынша сұрақтарды колдана отырып отырып, тақырыпты талдау
2. Кіші топтармен жұмыс істеу
3. ТСО-дан қолдану (ПК, мултимедиалық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау
4. Ситуациялық есептерді шешу
5. Тақырып бойынша тестерді шешу

6.Әдебиеттер:соңғы бетті қараңыз.

7.Оқыту және оқыту әдістері:

- Дәріс: шолу
- Презентация, реферат, тест, глоссарий.

8.Бақылау (тесттер, есептер және басқалар)

Тесттер:

1. Зерттеу жұмысының тақырыбын таңдау кезінде ең маңызды критерий қандай?

a) Тақырыптың тек теориялық негізделген болуы
b) Тақырыптың зерттеу мақсатына сәйкес болуы
c) Тақырыптың тек практикалық маңызы болуы
d) Тақырыптың тек ғылыми жаңашылдығы болуы
e) Тақырыптың өте кең болуы
2. Зерттеу тақырыбының өзектілігін қалай бағалауға болады?
a) Тақырыптың қаншалықты ғылыми жаңашылдығын анықтау арқылы
b) Тақырыптың ғылыми қауымдастықта әлі зерттелмегенін анықтау арқылы
c) Тақырыптың қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес келуін талдау арқылы
d) Тақырыптың тек теориялық негіздеулерін тексеру арқылы
e) Тақырыпты таңдау кезіндегі жеке қызығушылықтар арқылы
3. Зерттеу тақырыбын таңдау кезінде оның ғылыми жаңашылдығының маңызы қандай?
a) Ғылыми жаңашылдық тақырыптың өзектілігін анықтауға көмектеседі
b) Ғылыми жаңашылдық тек жеке зерттеушінің қызығушылығы үшін қажет
c) Ғылыми жаңашылдық тек теориялық негіздеумен байланыссыз
d) Ғылыми жаңашылдық зерттеу әдісін таңдауда маңызды
e) Ғылыми жаңашылдық тек әдебиеттерді шолу жасау үшін қажет
4. Зерттеу жұмысының тақырыбы тым кең немесе тым тар болмауы үшін қандай талаптар қойылады?
a) Тақырып тек үлкен ғылыми жобалар үшін таңдалады
b) Тақырыптың ауқымы зерттеу әдісіне байланысты анықталады
c) Тақырып тек тәжірибелік зерттеу үшін таңдалады
d) Тақырып кең болған жағдайда оның ішінде әртүрлі мәселелерді қарастыру қажет
e) Тақырып нақты зерттеу сұрағына сәйкес шектелуі тиіс
5. Зерттеу тақырыбының практикалық маңызы неден тұрады?
a) Тақырып тек теориялық тұрғыдан зерттелуі тиіс
b) Практикалық маңыздылықтың болуы ғылыми деректердің дұрыстығын қамтамасыз етеді
c) Практикалық маңыздылық зерттеу нәтижелерінің қоғамға немесе өнеркәсіпке тікелей әсер етуін білдіреді
d) Практикалық маңыздылық тек деректерді жинау әдістерін таңдауда қажет
e) Практикалық маңыздылық тек тақырыпты қызықты әрі тартымды етіп көрсету үшін қажет
6. Зерттеу жұмысының тақырыбына қатысты әдебиетке шолу жасаудың мақсаты не?
a) Тақырыптың тек теориялық негіздерін қарастыру
b) Бұрыннан бар зерттеулерді тексеру және олардың нәтижелерін салыстыру
c) Тақырыптың тек ғылыми аспектілерін ғана қарастыру
d) Зерттеу әдісін таңдаудағы мүмкіндіктерді анықтау
e) Тақырыптың кең ауқымды жан-жақты зерттелуін қамтамасыз ету
7. Зерттеу тақырыбының өзектілігін қалай негіздеуге болады?
a) Тақырыпты тек ғылыми тұрғыдан қарастыру арқылы
b) Тақырыптың қоғамға және ғылымға тигізетін әсерін көрсету арқылы
c) Тақырыптың тек тарихи аспектілеріне көңіл бөлу арқылы
d) Тақырыптың тек тәжірибелік маңыздылығына назар аудару арқылы
e) Тақырыптың деректерінің сандық талдауын жасау арқылы
8. Зерттеу жұмысының тақырыбын бекіткеннен кейін оның өзгеруі мүмкін бе?
a) Жоқ, тақырып бекітілген соң өзгермейді
b) Иә, зерттеу барысында тақырыпты қайта қарауға болады

c) Тақырып тек зерттеу әдісіне байланысты өзгеруі мүмкін
d) Тақырып тек әдебиетке шолу жасаудан кейін өзгеруі мүмкін
e) Тақырып тек зерттеу сұрағына байланысты өзгертіледі
9. Зерттеу тақырыбының мақсаттарын қалай дұрыс тұжырымдауға болады?
a) Мақсаттар тек зерттеу әдісіне қатысты анықталуы керек
b) Мақсаттар зерттеу сұрағына толық жауап беруі тиіс
c) Мақсаттар тек теориялық тұрғыдан жазылуы керек
d) Мақсаттар зерттеу нәтижелерінің анықтамасын қамтамасыз етуі тиіс
e) Мақсаттар тек деректерді жинау үшін қажет
10. Зерттеу жұмысының тақырыбын таңдау кезінде қандай қателіктерден аулақ болу қажет?
a) Тақырыптың тым тар болуы
b) Тақырыптың кең болуы және оны нақты шектемеу
c) Тақырыптың тек теориялық аспектілерін қарастыру
d) Тақырыптың тек жеке қызығушылықтарға негізделуі
e) Тақырыпты таңдар алдында тек бір көзқарасты негізге алу

Жауап:
1. b
2. c
3. a
4. e
5. c
6. b
7. b
8. b
9. b
10. b

3-сабақ

1. **Тақырып:** Курстық жұмысты орындауға ғылыми жетекшілік.

2. Мақсаты: Студенттің курстық жұмысты орындау процесінде ғылыми жетекшінің рөлін, оның міндеттері мен жауапкершілігін түсіну, сондай-ақ ғылыми жетекшінің жұмысты дұрыс бағыттау, кеңес беру және нәтижелі қорғауға дайындық жасау қабілетін қалыптастыру.

3. Студент білуі тиіс:
- Ғылыми жетекшінің міндеттері мен рөлін;
- Ғылыми жетекші мен студент арасындағы қарым-қатынасын;
- Ғылыми жетекшінің кеңестері мен ұсыныстарын қабылдауды;
- Курстық жұмысты орындау үшін қажет құжаттарды білуін;
- Жетекшімен жұмыс істеудің этикалық нормаларын.

Студент істей білуі тиіс:
- Ғылыми жетекшісіне өзінің зерттеу жұмысын жүйелі түрде ұсыну, кері байланыс алу және жетекшінің кеңестерін дұрыс орындау дағдысын меңгеруі тиіс.
- Ғылыми жетекшінің көмегімен курстық жұмысқа арналған нақты жұмыс жоспарын жасай білуі және оны орындауы тиіс.

- Курстық жұмыс барысында ғылыми жетекшісінен нақты және дер кезінде кеңес ала отырып, жұмысты жетілдіру жолдарын білуі тиіс.
- Ғылыми жетекшімен бірге жұмыстың құрылымын (тақырып, бөлімдер, қорытынды, әдебиет тізімі және т.б.) белгілеуді және оны дұрыс жазуды білуі тиіс.
- Ғылыми жетекшісінің берген ескертулері мен ұсыныстарын ескере отырып, курстық жұмысты қайта қарап, түзетулер енгізе білуі тиіс

4.Негізгі сұрақтар:

1. Ғылыми жетекші курстық жұмыс барысында қандай негізгі міндеттерді атқарады?
2. Ғылыми жетекші мен студент арасындағы тиімді қарым-қатынас қалай орнатылуы керек?
3. Студент ғылыми жетекшісінен қандай кеңестер мен ұсыныстарды алу қажет?
4. Ғылыми жетекшінің кеңестерін қалай дұрыс қабылдауға және қолдануға болады?
5. Курстық жұмыстың жоспарын жасау кезінде ғылыми жетекшінің рөлі қандай?
6. Ғылыми жетекшінің көмегімен курстық жұмыстың құрылымын қалай дұрыс ұйымдастыруға болады?
7. Ғылыми жетекшімен кездесулердің жиілігі мен тақырыбы қалай анықталады?
8. Студент ғылыми жетекшісімен жұмыс істеу барысында қандай этикалық нормаларды сақтау керек?
9. Ғылыми жетекшінің кеңестері мен ұсыныстары негізінде курстық жұмысты түзету үшін қандай қадамдар жасау қажет?
10. Курстық жұмысты орындау барысында ғылыми жетекшінің берген бағалауы мен кері байланысын қалай тиімді пайдалану керек?

5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):

1.Тақырып бойынша сұрақтарды колдана отырып отырып, тақырыпты талдау
2.Кіші топтармен жұмыс істеу
3.ТСО-дан қолдану (ПК, мултимедиалық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау
4.Ситуациялық есептерді шешу
5.Тақырып бойынша тестерді шешу

6.Әдебиеттер:соңғы бетті қараңыз.

7.Оқыту және оқыту әдістері:

- Дәріс: шолу
- Презентация, реферат, тест, глоссарий.

8. Бақылау (тесттер, есептер және басқалар)

Тесттер:

1. Ғылыми жетекшінің курстық жұмысты орындау барысында атқаратын негізгі міндеті қандай?

a) Студенттің жұмысын толығымен жазып беру
b) Студентке тек әдебиет ұсыну
c) Студентке тақырып таңдауда және зерттеу әдістерін анықтауда кеңес беру
d) Курстық жұмыстың нәтижесін басқа студенттерге көрсету
e) Курстық жұмыстың барлық қателерін түзету

2. Ғылыми жетекшінің кеңес беруінің мақсаты не?

a) Студенттің жеке өміріне араласу
b) Студенттің өзін-өзі дамытуына кедергі келтіру
c) Студенттің курстық жұмысын тексеру және оны қорғауға дайын ету
d) Студенттің жазу стилін толық өзгерту
e) Студентті қатаң бақылау

3. Курстық жұмыс жоспарын жасау кезінде ғылыми жетекші не ұсынады?
a) Тақырыпты таңдау және зерттеу әдісін анықтау
b) Тек жұмыстарды тексеру және бағалау
c) Студенттің барлық уақытын бақылау
d) Студентке басқа бағытта жұмыс жасауға кеңес беру
e) Тек әдебиеттер тізімін ұсыну
4. Ғылыми жетекші мен студент арасындағы қарым-қатынас қалай болуы керек?
a) Жетекші студентке әрқашан барлық жұмысын жазып береді
b) Студент жетекшінің барлық кеңестерін сөзсіз орындауы керек
c) Жетекші мен студент арасындағы қарым-қатынас ашық, сенімді және конструктивті болуы тиіс
d) Студент жетекшісінен ешқандай кеңес алмай жұмыс істей алады
e) Жетекші тек қорытынды жасап, студентке пікір айтпайды
5. Ғылыми жетекшінің ұсыныстарын қалай дұрыс қабылдау керек?
a) Тек өз көзқарасыңды ұстанып, ұсыныстарды елемеу
b) Барлық ұсыныстарды өзгеріссіз қабылдау
c) Ұсыныстарды тыңдап, оларды зерттеу жұмысына қолдану
d) Ғылыми жетекшіні тыңдамау
e) Ұсыныстарды тек формальды түрде орындау
6. Курстық жұмыстың құрылымын ұйымдастыруда ғылыми жетекшінің рөлі қандай?
a) Тақырыпты таңдауда жетекшінің рөлі болмайды
b) Жетекші тек қорытынды бөлімін ұсынады
c) Жетекші студентке жұмыс құрылымын дұрыс жасауға көмектеседі
d) Жетекші тек әдебиет тізімін дайындайды
e) Жетекші тек жұмыстың соңғы кезеңінде араласады
7. Ғылыми жетекшімен кездесулер жиілігін қалай анықтайды?
a) Тек студенттің еркімен
b) Жетекші мен студент арасындағы жұмыс қарқыны мен қажеттілікке байланысты
c) Студент тек жетекшімен кездесуді өзі жоспарлайды
d) Кездесулер болмайды, тек жазбаша тапсырмалар беріледі
e) Тек қорытынды бөлімде кездесу өткізіледі
8. Курстық жұмысты орындау барысында ғылыми жетекшінің берген бағалауы мен кері байланысын қалай тиімді пайдалану керек?
a) Бағалауды елемей, жұмысты өз бетімен қорғау
b) Бағалауды тек жұмыс соңында пайдалану
c) Кері байланысты назарға алып, жұмысты жақсарту үшін оны қолдану
d) Бағалауды тек жұмыстың алғашқы бөлімінде ғана тыңдау
e) Кері байланысты қабылдамай, өз қалауы бойынша жұмыс істеу
9. Ғылыми жетекшінің курстық жұмысқа қатысты кеңестерін дұрыс қабылдаудың маңызды аспектісі қандай?
a) Кеңестердің тек теориялық бөлігін қабылдау
b) Ғылыми жетекшімен тек жазу стилін талқылау
c) Кеңестерді жұмысқа нақты түрде қолдану, бағыт-бағдар алу
d) Кеңестерді қабылдамай, өз бетімен жұмыс істей беру
e) Тек соңғы бөлімді қателіктермен жазып шығу
10. Ғылыми жетекшінің рөлі курстық жұмысты орындауда қандай жағдайда күшейеді?
a) Тек қорытынды жазу кезінде
b) Жұмыс соңында ғана кеңес беру кезінде

c) Бастапқы кезеңде тақырып таңдау мен әдістемелік мәселелерді анықтауда
d) Тек жұмыс қорғау кезінде
e) Курстық жұмыс жазылған кезде

Жауап:

1. c
2. c
3. a
4. c
5. c
6. c
7. b
8. c
9. c
10. c

4 – сабақ

1. Тақырып: Курстық жұмысты орындаудың әдіснамалық негіздері.
2. Мақсаты: Студенттің ғылыми зерттеу әдістерін, зерттеу құралдарын және әдіснамалық тәсілдерді дұрыс таңдау мен қолдануды үйрену, сондай-ақ курстық жұмысты жүйелі әрі ғылыми тұрғыдан негізделген түрде орындауға қажетті дағдыларды қалыптастыру.
3. Студент білуі тиіс:
- Ғылыми зерттеудің әдіснамалық негіздерін;
- Зерттеу әдістері мен тәсілдерін;
- Әдіснамалық құралдар мен техникаларын;
- Зерттеу жұмысының құрылымын;
- Ғылыми деректерді дұрыс жинау және өңдеуді.

Студент істей білуі тиіс:
- Курстық жұмыстың тақырыбы бойынша нақты және ғылыми тұрғыдан өзекті зерттеу сұрағын қоюы тиіс.
- Өз жұмысына сәйкес зерттеу әдісін таңдап, оны теориялық тұрғыдан негіздей білуі тиіс.
- Әдіснамалық негіздерге сәйкес курстық жұмысқа арналған зерттеу жоспарын құра білуі тиіс.
- Түрлі әдіснамалық тәсілдерді қолдана отырып, деректер жинап, оларды дұрыс талдай білуі қажет.
- Зерттеу нәтижелерін талдап, олар бойынша қорытынды жасап, ғылыми тұрғыда негізделген ұсыныстар мен пікірлерді ұсыну дағдыларын меңгеруі тиіс.

4.Негізгі сұрақтар:
1. Ғылыми зерттеудің әдіснамалық негіздері дегеніміз не?
2. Курстық жұмысты орындау барысында зерттеу сұрағын дұрыс қоюдың маңызы қандай?
3. Зерттеу әдісін таңдау кезінде қандай факторларды ескеру қажет?
4. Ғылыми зерттеудің қандай негізгі әдістері бар және оларды курстық жұмыста қалай қолдануға болады?
5. Зерттеу жоспарын құруда қандай әдіснамалық принциптерге сүйену қажет?
6. Зерттеу жұмысының құрылымында әдіснамалық бөлімнің рөлі қандай?

7.Деректерді жинау мен талдау әдістерін таңдауда қандай факторларға назар аудару керек?
8. Курстық жұмыста статистикалық әдістерді қолданудың ерекшеліктері мен маңызы қандай?
9. Курстық жұмыстың теориялық және практикалық бөлімдерін байланыстырудың әдіснамалық аспектілері қандай?
10. Ғылыми зерттеулерде сапалық және сандық әдістердің айырмашылықтары неде?

5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):

1.Тақырып бойынша сұрақтарды колдана отырып отырып, тақырыпты талдау
2.Кіші топтармен жұмыс істеу
3.ТСО-дан қолдану (ПК, мултимедиалық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау
4.Ситуациялық есептерді шешу
5.Тақырып бойынша тестерді шешу

6. Әдебиеттер:соңғы бетті қараңыз.

7.Оқыту және оқыту әдістері:

- Дәріс: шолу
- Презентация, реферат, тест, глоссарий.

8. Бақылау (тесттер, есептер және басқалар)

Тесттер:

1. Курстық жұмысты орындаудағы әдіснамалық негіздердің басты мақсаты қандай?
a) Тек деректерді жинау
b) Зерттеу процесін ұйымдастыру және оның логикалық құрылымын анықтау
c) Тек әдебиеттерді тізімдеу
d) Тек қорытынды бөлімді жазу
e) Жұмысты қорғауға дайындау
2. Зерттеу сұрағын дұрыс қоюдың маңызы неде?
a) Тек жұмыстың кіріспе бөлімі үшін маңызды
b) Зерттеу бағытын анықтайды және жұмыстың ғылыми мақсатын белгілейді
c) Жұмыстың қорытындысын жеңіл жазуға көмектеседі
d) Тек әдебиетке шолу үшін қажет
e) Тек статистикалық деректерді жинауға қажет
3. Зерттеу әдістерін таңдау кезінде қандай факторлар ескерілуі керек?
a) Тек тақырыптың өзектілігі
b) Зерттеу объектісі мен мақсаты, жұмыстың түрі және зерттеу сұрағы
c) Курстық жұмыстың көлемі
d) Тек жұмысты тез орындау
e) Тек әдебиет зерттеу
4. Курстық жұмыста қолданылатын ғылыми зерттеу әдістерінің қайсысы сандық зерттеу әдістеріне жатады?
a) Сауалнама
b) Интервью
c) Бақылау
d) Құжаттарды талдау
e) Фокус-топтар
5. Курстық жұмысты орындау барысында зерттеу жоспарының маңызы қандай?
a) Жұмысты қорғауға дайындау
b) Жұмыс барысында жүйелі түрде зерттеу жүргізу мен нәтижелерді алу үшін қажет

c) Тек тақырыпты таңдау үшін ғана қажет
d) Қорытынды жасау үшін қажет
e) Студентке жұмыс барысында уақытты үнемдеуге көмектесу
6. Ғылыми зерттеу жұмысының әдіснамалық бөлімінде қандай ақпарат берілуі керек?
a) Жұмыстың мақсаттары мен міндеттері ғана
b) Зерттеу әдістері мен тәсілдері туралы толық мәлімет
c) Тек теориялық мәліметтер
d) Деректерді жинау үшін қолданылатын құралдар мен техникалар
e) Әдебиеттер тізімі
7. Сапалық зерттеу әдісімен жүргізілетін зерттеулерде не негізгі болып табылады?
a) Сандық деректер жинау
b) Теориялық бөлімнің көлемі
c) Құбылыстар мен процестердің мәнін түсіну
d) Параметрлерді өлшеу
e) Статистикалық талдау жасау
8. Статистикалық әдістер курстық жұмыста қандай мақсатта қолданылады?
a) Тек деректерді жүйелеу үшін
b) Жұмыстың көрнекілігін арттыру үшін
c) Зерттеу нәтижелерін сандық тұрғыда талдау үшін
d) Теориялық талдау жасау үшін
e) Жұмыстың көлемін ұлғайту үшін
9. Курстық жұмыстың теориялық және практикалық бөлімдері арасында қандай байланыс болуы керек?
a) Теориялық бөлім практикалық бөлімге негізделеді
b) Теориялық бөлім тек әдебиетке шолу жасаудан тұрады
c) Практикалық бөлім тек теориялық зерттеулердің қайталануы болып табылады
d) Теориялық бөлім практикалық бөлімді толықтырып, оны нақтылайды
e) Теориялық және практикалық бөлімдер бір-бірінен бөлек болады
10. Сандық және сапалық зерттеу әдістерінің айырмашылығы неде?
a) Сандық әдістер тек теориялық тұрғыда қолданылады
b) Сапалық әдістер нақты деректер жинауға арналған, ал сандық әдістер тек сұрақтарға жауап береді
c) Сандық әдістер құбылыстың сандық көрсеткіштерін, ал сапалық әдістер терең мағыналық талдауды көздейді
d) Сапалық әдістер сандық көрсеткіштерді өлшейді
e) Сандық әдістер тек зерттеу тақырыбына қатысты нақты сұрақтарға жауап береді

Жауап:

1. b
2. b
3. b
4. a
5. b
6. b
7. c
8. c
9. d

10. c

5 – сабақ

1. Тақырып: Курстық жұмыс құрылымына қойылатын талаптар.
2. Мақсаты: Студенттерге курстық жұмыстың стандартты құрылымын, бөлімдерінің мазмұны мен реттілігін түсіндіру, ғылыми жұмыс жазу барысында мазмұндық, рәсімдік және академиялық талаптарды дұрыс сақтауға үйрету.
3. Студент білуі тиіс:
- Курстық жұмыстың негізгі құрылымын;
- Кез-келген курстық жұмыс үшін міндетті құжаттарын;
- Ғылыми жұмысты ресімдеудің талаптарын.

Студент істей білуі тиіс:
- Курстық жұмыстың құрылымдық элементтерін (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қосымшалар) нақты ажырата білу.
- Әр бөлімнің мазмұндық ерекшеліктерін және жазу талаптарын түсіну.
- Курстық жұмысты ғылыми стильде, нақты және дәйекті етіп рәсімдей білу.
- Сілтемелер мен әдебиеттер тізімін ресми стандарттарға сай рәсімдеу (мысалы, ГОСТ, APA, MLA және т.б.).

4. Негізгі сұрақтар:
1. Курстық жұмыстың құрылымдық элементтері қандай?
2. Кіріспе бөлімінде қандай мәліметтер берілуі тиіс?
3. Негізгі бөлім неше тараудан тұрады және онда не сипатталады?
4. Қорытынды бөлімде қандай тұжырымдар жазылады?
5. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі қалай рәсімделеді?
6. Қосымшалар бөлімінің мақсаты қандай?
7. Курстық жұмысты рәсімдеуге қойылатын негізгі техникалық талаптар қандай (қаріп, интервал, жол жиегі және т.б.)?
8. Ғылыми стильмен жазу деген не және оның ерекшеліктері қандай?
9. Сілтемелер қандай форматта беріледі (APA, MLA, ГОСТ және т.б.)?
10. Курстық жұмыста академиялық адалдықты сақтау неліктен маңызды?

5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):
1.Тақырып бойынша сұрақтарды колдана отырып отырып, тақырыпты талдау
2.Кіші топтармен жұмыс істеу
3.ТСО-дан қолдану (ПК, мултимедиалық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау
4.Ситуациялық есептерді шешу
5.Тақырып бойынша тестерді шешу
6.Әдебиеттер:соңғы бетті қараңыз.
7.Оқыту және оқыту әдістері:
- Дәріс: шолу
- Презентация, реферат, тест, глоссарий.

8. Бақылау (тесттер, есептер және басқалар)
Тесттер:
1. Курстық жұмыстың кіріспесінде қандай элементтер қамтылуы тиіс?
a) Мақсаты, зерттеу пәні және әдістері
b) Аурудың сипаттамасы және алдын алу шаралары
c) Ғылыми жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы және зерттеудің мақсаты

d) Зерттеу әдістері және әдебиет шолуы
2. Курстық жұмыстың негізгі бөлімінде не қамтылуы керек?
a) Тек теориялық мәліметтер
b) Жұмыстың жоспары және талдауы
c) Пневмония ауруы, патогенезі, эпидемиологиясы, клиникалық аспектілері, асқынулары, алдын алу және медбикелік көмек
d) Автордың көзқарасы мен жеке тәжірибесі
3. Қорытынды бөлімнің құрылымында қандай негізгі элементтер болуы керек?
a) Курстық жұмыстың барлық бөлімдеріне қысқаша шолу және негізгі нәтижелерді шығару
b) Тек курстық жұмыстың мақсаты
c) Әдебиеттер тізімі
d) Тек зерттеу әдістері
4. Курстық жұмыстың құрылымында қанша беттен тұратын қорытынды болуы керек?
a) 1 бет
b) 2 бет
c) 3 бет
d) 5 бет
5. Кіріспе бөлімінде қандай компонент міндетті түрде көрсетілуі керек?
a) Әдебиеттер тізімі
b) Зерттеу жұмысының өзектілігі
c) Мақсаты
d) Зерттеу объектісі және ғылыми жаңалық
6. Курстық жұмыстың әдебиеттер тізімі неше дереккөзден тұруы керек?
a) 10 дереккөз
b) 15 дереккөз
c) 20 дереккөз
d) 25 дереккөз

7. Курстық жұмыстың нәтижесінде орындалатын сұхбат немесе сауалнама қандай мақсатта қажет?
a) Тек қана деректерді жинақтау үшін
b) Ата-аналардың қанағаттану деңгейін анықтау және пневмонияның қауіп факторлары бойынша деректер жинау
c) Медицина қызметкерлерін бағалау үшін
d) Әлеуметтік сауалнама жүргізу үшін
8. Курстық жұмыстың кіріспесінде неге көңіл бөлінеді?
a) Зерттеу жұмысының маңызды міндеттерін нақтылау және оларды орындау жолдарына
b) Курстық жұмыстың негізгі бөліміндегі мәліметтерге
c) Қорытындыда көрсетілген ұсыныстарға
d) Зерттеу әдістерін толық сипаттауға
9. Курстық жұмыстың қорытынды бөлімінде не көрсетілуі керек?
a) Тек нәтижелердің жалпылама сипаттамасы
b) Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары мен ғылыми ұсыныстары
c) Әдебиеттер тізімі
d) Жұмыстың алғашқы бөлімдерінде жасалған жұмыстардың толық тізімі
e) Тек алынған деректердің қорытуы
10. Курстық жұмыстың негізгі бөлімдері арасында қандай байланыс болуы керек?

a) Әр бөлім дербес және бір-біріне қатысты болмайды
b) Әр бөлім өзара логикалық байланыста болып, жұмыстың тұтастығын сақтауы тиіс
c) Тек қорытынды бөлімге ғана байланыс болуы тиіс
d) Тек зерттеу әдістері мен теориялық бөлім арасында байланыс болуы керек
e) Әр бөлім жеке-жеке жазылып, кейін біртұтас етіп жалпыланады

Жауап:

1. c
2. c
3. a
4. c b д
5. c
6. b
7. b
8. a
9. b
10. b

6 – сабақ

1. Тақырып: Курстық жұмыстың негізгі бөлігінің мазмұны.
2. Мақсаты: Студентке курстық жұмыстың негізгі бөлімдерінің құрылымын, олардың мазмұны мен маңыздылығын түсіндіру, сондай-ақ әрбір бөлімнің ғылыми жұмыстың нәтижелерін дұрыс жеткізу үшін қалай ұйымдастырылатынын меңгерту.
3. Студент білуі тиіс:
- Курстық жұмыстың негізгі бөлігінің құрылымы
- Әр бөлімнің мақсаты мен мазмұны
- Зерттеу әдістерінің сипаттамасы
- Нәтижелер мен талқылау бөліміне қойылатын талаптар
- Қорытынды бөлімінің маңызы

Студент істей білуі тиіс:
- Теориялық бөлімде зерттеу тақырыбына қатысты теориялық ақпараттарды дұрыс ұйымдастырып, зерттеу әдістері бөлімінде қолданылған тәсілдерді толық әрі нақты сипаттай білуі тиіс.
- Зерттеу әдістерін сипаттап, олардың тиімділігін негіздей отырып, зерттеу процесінде қолдануға тиіс.
- Жинаған деректерді және нәтижелерді жүйелі түрде ұсынуды, сондай-ақ оларды талқылауды білуі қажет.
- Жұмыстың қорытынды бөлімінде зерттеу нәтижелерін қорытындылап, маңызды тұжырымдар мен ғылыми ұсыныстар беру дағдыларын меңгеруі тиіс.
